

# Мадениет

№3 (151) Наурыз 2019 жыл



## Әулие мөңке би және оның заманы (1675-1756)



Һң 90-шы жылдарының басында өз тәуелсіздігін қолына алған Қазақ Елі соңғы 30 жылдай уақыт ішінде ғасырға тең келердей дәуірді басынан кешуде. Осы аралықтағы қазақ қоғамының руханилық бағытта дамуы көз алдымызда өтіп жатыр және осы үдеріске отандық тарихшыларымыз белсене араласуда. Әрине, билік те осы үдеріске кең қолдау көрсетіп отыр. Соның бір көрінісіне мемлекетіміздің отандық тарихқа деген ұстанымы мен саясатының ұлттық сипат алуы жатады. Тәуелсіздігіміздің соңғы 20 жылдай уақыты ішінде тек ұлттық тарихымызға тікелей қатысты «Мәдени мұра», «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру», «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарламалар жүзеге асырылып, ұлттық рухтың асқақтауына жол салынып жатқанына бәріміз куәміз. «Рухани жаңғыру» бағдарламасындағы атқарылар міндеттердің біріне – «Туған жер» бағдарламасын жатқызып, ол жөнінде Елбасы былай деп атап өткен еді: «Біздің бабаларымыз ғасырлар бойы ұшқан құстың қанаты талып, жүгірген аңның тұяғы тозатын ұлан-ғайыр аумақты ғана қорғаған жоқ. Олар ұлттың болашағын, келер ұрпағын, бізді қорғады. Сан тараптан сұқтанған жат жұртқа Атамекеннің қарыс қадамын да, сынық сүйемін де бермей, ұрпағына мирас етті.

Туған жердің әрбір сайы мен қырқасы, тауы мен өзені тарихтан сыр шертеді. Әрбір жер атауының төркіні туралы талай-талай аңыздар мен әңгімелер бар. Әрбір өлкенің халқына суықта пана, ыстықта сая болған, есімдері ел есінде сақталған біртуар перзенттері бар. Осының бәрін жас ұрпақ біліп өсуге тиіс».

Осы бағыттың үздіксіз және сабақтастығын қазіргі Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев 2019 жылдың тамыз айында «Ұлытау – 2019» халықаралық туристік форумында сөйлеген сөзінде нығыздай түсіп, тарихымыз бен тарихи тұлғаларымыз туралы былай деген болатын: «Ата-бабалардың аманатына адал болу – бізге сын... Қорқыт ата, Арыстан баб, Қожа Ахмет Яссауи, Бекет ата, Бәйдібек би, Бегім ана, Қабанбай батыр, Райымбек батыр, Мәшһүр Жүсіп, хакім Абай, тағы басқа

көптеген дара тұлғаларымыздың есімдерін туризм арқылы кеңінен насихаттау – бүгінгі, яғни біздің заманымыздың талабы. Біз, қазақ халқы, ұлы тарихи тұлғалардың ізбаешет. Ата-бабаларымыздың рухын туризмнің озық үлгілері арқылы дәріптеуіміз керек».

Аталған бағдарламалар мен мемлекет басшысының тарихқа қатысты сөздерін бір-бірімен байланыстырып, бір бағытта қарастырсақ, онда мемлекеттік саясаттың руханилық пен ұлттық тарихқа деген саясатынан сабақтастық пен жүйелілік ұстанымдарын көреміз.

Жоғарыда аталған бағдарламаларды бір сөйлеммен тұжырымдап айтар болсақ, онда алғашқы «Мәдени мұра» бағдарламасы – тарихшылардың зерттеу жұмыстарына деректік негіздер қалауға ларттеу жұмыстарына – теориялық — әдістемелік негіз салып отыр. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы тарихшылар үшін нақты практикалық міндеттерді жүктейді. Ал «Ұлы Даланың жеті қыры» атты бағдарлама тарихшыларға қандай бағыттарда ізденістер жүргізуді бағыттайды және бүкіл қазақ жұртына тарихымыздағы қандай ұлы жетістіктерімізбен мақтануды, нені мақтаныш етуді нақты көрсетеді.

Әр заманда еліне қорған болған тұлғалар тарихымызда жүздеп, мыңдап саналады. Біз оларды соңғы отыз жыл көлемінде ғана танып – біліп, халық жадында мәңгі есте қалдыру үшін қажетті шараларды қолға алып жатырмыз. Сондай шаралардың біріне — бүгінгі күні Алматы қаласында Ұлы Даланың данышпаны, әрі кемеңгері атанған Мөңке биге(1675-1756) арналған ғылыми-практикалық конференцияның өтуі мен жаңа, әрі кең даңғылға оның есімін беру ресми түрде ашылуы жатады.

Тарих ғылымындағы аса маңызды қағидалардың біріне — «тұлғаны тану үшін оның өмір сүрген заманын білу керек» деген қағида жатады.

Мөңке бидің өмір сүрген жылдары белгілі, олай болса, тұлғаны тану үшін оның заманына, яғни XVII ғасырдың 70-ші жылдарынан XVIII ғасырдың 50-ші жылдары аралығындағы Қазақ Елінің тарихына үңіліп көрелік.

Мөңке бидің өмір сүрген жылдары – Қазақ хандығы дсаың жылдық тарихында Қазақ Елі бірнеше ірі-ірі тарихи дәуірлерді басынан өткергені белгілі. Сондай дәуірлер қатарына соңғы мыңжылдықта Алтын орда дәуірі, Қазақ хандығы дәуірі жатады. Бұл дәуірлердің ортақ белгілеріне — сабақтастық және үздіксіздік қағидаттары бойынша жалғасын тапқан бір этностың нақты бір кеңістік пен бірнеше мыңжылдарға созылған уақыт желісінде тек өзіне ғана тән тарихи, мәдени, рухани ортақ құндылықтарды қалыптастыруы мен оны дамытуы жатады. Сонымен қатар аталған әрбір тарихи дәуірдің ел тарихында алатын өзіндік ерекшеліктері мен айрықша белгілері де бар. Уақыт жағынан алғанда бұл дәуірге – XIII ғасырдың басы мен XIX ғасырдың бірінші ширегі аралығы енеді.

Ұлттық сипаттағы мемлекетіміз — Қазақ хандығының XV ғасыр ортасында тарих мінберіне көтерілген кезі мен XIX ғасырдың 20-шы

жылдарының бірінші жартысында оның тарих көшінде қалған кезі — Хандық дәуір деп аталатын уақыт шеңберіне жатып, үш жарым ғасырлық уақытты қамтиды. Осы үш жарым ғасырлық тарихы бар Қазақ хандығы дәуірін өз ішінде саяси тарихтың өрбуіне қарай шартты түрде екі үлкен кезеңге бөлуге болады.

Бірінші кезеңге – хандықтың бір орталықтан басқарылып тұрған жылдардағы кезеңі жатса, Қазақ мемлекетінің бытыраңқылыққа ұшыраған жылдары – екінші кезеңді құрайды. Керей мен Жәнібек хандар тұсынан Тәуке хан қайтыс болғанға дейінгі аралық — хандық дәуірдің бірінші кезеңі болса, одан кейінгі жылдары екінші кезеңі басталады.

ін XV ғасырдың орта тұсынан XVIII ғасырдың басына дейінгі аралықтағы дәуірді шартты түрде былайша кезеңдеуге болады:

а) хандықтың құрылу кезеңі,

ә) хандықтың күшею кезеңі,

б) хандықтың «уақытша әлсіреу» кезеңі,

в) хандықтың қайта өрлеу кезеңі,

г) хандықтағы «текетірес» кезеңі,

ғ) жоңғарлармен алғашқы күрестер кезеңі,

ж) белгісіз жылдар кезеңі және

з) «алтын ғасыр» кезеңі немесе Тәуке хан билік құрған жылдар кезеңі. h h

—>

Тәуке ханнан кейін хандық дәуірдің бытыраңқылық кезеңдері басталады. Оның ішінде «Ақтабан шұбырынды», «Аңырақай», шартты түрдегі «Екінші Аңырақай», жоңғарлардан қазақ жерлерін азат ету жылдары бар. Мөңке бидің өмір сүрген жылдарына көз жүгіртсек, онда оның хандық дәуірдің соңғы кезеңі мен бытыраңқылық дәуірдің алғашқы кезеңдеріне сәйкес келетінін көреміз.

Енді Мөңке би өмір сүрген заман қандай болды деген сауалға жауап беру үшін хандық дәуірдің кезеңдеріне назар салалық.

Жәңгір хан н ген 1680 жылға дейінгі 28 жылдық кезеңде хандық тарихында кімнің тақты иеленгені әлі анықталмаған. Сол себепті де біз шартты түрде осы аралықтағы жылдарды «белгісіз жылдар» кезеңі деп атаймыз.

Мөңке би хандық дәуірдің «белгісіз» кезеңінің соңына таман дүниеге келіп, өмірінің алғашқы 5-6 жылын «белгісіз» жылдар кезеңінде өтеді. Осы кезеңдегі қазақ қоғамының ішкі саяси жағдайы өте күрделі болады. Шәкәрімнің еңбегінде Жәңгір ханнан кейін тақ үшін талас-тартыстардың болғандығына көз жеткіземіз. Онда «Жәңгірдің орнына әз-Тәуке хан болғанда, хандыққа өкпелеп Уәлибақи Ғайып ханға кетіп еді», — деп айтылады. Автор бұл дерегін қайдан алғандығын көрсетпесе де, ол өте жеңіл түрде айтылған мәліметке жатады. Тақ үшін, билік үшін таластардың жеңіл болмайтыны белгілі. «Өкпелеп кетті» деген мәліметтің астарына үңілсек, көп жағдайды аңғаруға болады. Күрес,

таластар тақ үшін болғандықтан, «өкпелеп кетті» деген сөздің орнына «жеңіліс тауып, қашып кетті» деген сөздерді қосуға болады. Сондай-ақ А.И.Левшиннің Тәуке хан туралы жазған пікірлерін осы жерде келтіруге тура келеді. «... Ол (Тәукені айтып отыр. – Б.К.) өзара қырқыстардан кейін халықты тыныштандырды, ол тайпалар арасында бірнеше жылдарға созылған қантөгістерді тоқтатты, жұрттың бәрін ақылымен және әділдігімен өзіне бағындыра білді...». Шәкәрімнің де, А.И.Левшиннің де матааләуке хан билікке келгенге дейін қазақ қоғамында тақ үшін кәдімгідей талас-тартыстардың болғандығын, ру-тайпалар арасында да жанжалдардың өршігендігін көруге болады. Тек Тәуке ханның билікке келуі мен жүргізген саясаты ғана ел ішіндегі барлық талас-тартыстар мен қантөгістерді, бітпейтін дау-жанжалдар мен өзара қырқыстарды тоқтатады. Салыстырмалы түрде алсақ, Тәуке ханға дейінгі 28 жыл бойғы талас-тартыстарға қарағанда Тәуке хан тұсында қалыптасқан бейбіт, тыныш өмір «қой үстіне бозторғай жұмыртқалаған заман» боп саналады.

Осы кезең ішіндегі қазақ – жоңғар қарым-қатынасына назар аударсақ, деректерде екі жақтан да бір-біріне қарсы бағытталған әскери жорықтар, ұрыстар мен шайқастар жөнінде ешқандай айшы қайтыс болғаннан кейін оның үлкен ұлдары мен кіші ұлдары арасында тақ үшін талас-тартыстар басталып кетеді де, ол күрес бүкіл жоңғар қоғамындағы белгілі тайшылар мен нояндарды екіге бөліп жібереді. Көп ұзамай билікке кіші ұлдар тобын басқарған Сенге хонтайшы келеді, бірақ ол ішкі өзара алауыздықтарды тоқтата алмайды. Ақыры 1670 жылдың соңына таман Батыр хонтайшының үлкен ұлдары – Цецен тайшы мен Цзотба батыр інілері – Сенгені өлтіреді. Сенгенің орнына таққа отырған оның кіші інісі – Галданның алғашқы саясаты – ағасы үшін үлкен ағаларынан кек алуға бағытталды. Сондай-ақ ол Жоңғариядағы кейбір тайшыға реттеуге, жалпы алғанда, билікті орталықтандыруға күш салады. XVII ғасырдың 70-ші жылдарының соңына таман ғана Галдан Жоңғариядағы негізгі қарсыластарын жеңіп, орталық билікті нығайта алады. Осылайша, ішкі саяси жағдайды ретке келтіргеннен кейін ғана Галдан көрші елдерге көз аларта бастайды секілді, қазақтарға жорығы XVII ғасырдың 80-ші жылдарына қ болатын. Қалмақ басшысы Сайрамның игі жақсы үш тобының әрқайсысынан 20 отбасыдан барлығы 60 отбасын бала-шағасымен, қызметшілерімен ілеге алып кетеді. Оларды іледе бір жылдай ұстап, сосын көне Тұрпанға жібереді...». Бұл баяндаудан шығарма авторының арғы-тегі сайрамдық, оның ата-бабалары – деректегі 60 отбасының бірі екені байқалады. Дерек мәліметіне қарағанда 1681-1684 жылдары жоңғарларға Сайрамды 2 рет бағындые ыр мен туған ағасы Жолдыаяқ батыр осы Сайрам соғысында ерекше көзге түсіп, ақыры екеуі де қаза табады. Жалпы, XVIII ғасырдың екінші жартысындағы қазақ-жоңғар қарым-қатынастарындағы ірі соғыстар мен шайқастарға көңіл аударсақ,

олардың онша көп болмағанын байқаймыз. Екі жақтан да жекелеген кішігірім ұрыстардың, қақтығыстардың болып тұрғандығын жоққа шығаруға болмайды. Жоңғарлар Сайрам қаласын алып, оны қиратқанымен шабуыл бағытын одан әрі тереңдете алмайды. Оның басты себебі, қазақтар тарапынан қатты қарсылықтардың көрсетілуі жатса керек. Әрине, мұның бәрі Тәуке ханның ұйымдастыруымен болғаны белгілі. Галдан Бошақту-хан бұдан кейін өзінің әскери қимылдарын шығысқа қарай бұрып, Шығыс Монғолияның жерін өзіне қарату үшін соғыс жүргізеді. Ақыры, ол 1697 жылы наурызда 52 жасында қытай әскерлерінен жеңіліп, өзін-өзі өлтіреді.

Қазақ Елінің батыс өңірінде Еділ қалмақтарымен соғыстар XVII ғасырдың 40-шы жылдарынан бері үзілмей жүрген деуге болады. Ал ғасыр соңына таман Аюке ханның билігі тұсында (1672 жылдан – тайшы, ал 1690-1724 — хан) ол күшейе түседі. Мөңке би бұл кезде 20-ның үстіндегі жігіт болатын. Аңыз бойынша жеті не он жасынан бастап ел көзіне түскен Мөңке би бұл кезде ел бірлігін сақтау жолындағы турашыл шешімдері мен кесімді үкімдері, ел қорғау жолындағы белсенді қызметі арқылы өз руы мен тайпасына танымал болған тұлғалардың 1697 жылы Сенгенің ұлы Цеван Рабтан билікке келеді де қазақ-жоңғар қатынасындағы жағдай күрт өзгереді. Жаңа хонтайшының қазақтарға қарсы алғашқы соғысы 1698 жылдың өзінде-ақ басталып кетеді.

Жоңғарлардың жекелеген өңірлерді ғана тонауға ұшыратқаны болмаса, қазақ елін толық бағындыруға, иеленуге бағытталған жорықтарына Тәуке хан тойтарыс беріп отырады. Тәуке хан тұсында қазақ қоғамында жүргізілген саяси-әкімшілік және құқықтық өзгерістер нәтижесінде қазақ елі өзінің қорғаныстық қабілетін көрсете білді. Көптеген қазақ батырлары осы кезде ел үшін, жер үшін жан аямай жоңғарлармен соғысады, тіпті кей кездерде өздері бірігіп, қол жинап жоңғарлардан кек алу үшін оларға қарсы жеңісті жорықтар ұйымдастырады.

1715 жылы Тәуке хан қайтыс болғаннан кейін Қазақ хандығының тарихында орталық билік мейлінше әлсіреп, жүздерде жеке хандықтар пайда болады да бытыраңқылық кезең басталып кетеді. Бұл кезеңде Мөңке би 40 жастағы ел таныған, халқы мойындаған, қалыптасқан тұлға болып қалыптасады.

Тәуке ханнан кейін хандық тарихында орталық билік мейлінше әлсіреп, бытыраңқылық дәуір басталады. Осы кезден бастап жоңғарлардың жорықтары батыста да, шығыста да күшейеді. Ел мен жерді қорғау ісі көбінесе батырлардың басты міндетіне айналады. Ал ел бірлігін сақтауда билердің рөлі артып, негізгі күш билердің мойнына түседі. Осындай жауапты да абыройлы міндетті Кіші жүздің Әлім тайпалық бірлестігіндегі Шекті тайпасының билерінің бірі – Мөңке би атқарған еді.

Хандық тарихындағы бытыраңқылық кезеңнің «Ақтабан шұбырынды», «Аңырақай», «ал бидің 50-70-тің арасында болды. Қазақ халқы үшін ең

ауыр жылдар кезеңдерінде қалайша қазақ этносы жойылмай аман қалған деген сұрақ туса, онда Қазақ Елін өз ішінен шыққан жүздеген батырлары қорғап қалса, жүздеген Мөңке бидей билері ел бірлігін сақтап қалған деп жауап беруге болады.

Мөңке би есімінің жазба тарих бетіне түсуі – бытыраңқылық кезеңінің ең бір шиеленіскен тұсы – 1748 жылдың тамызында Әбілқайыр ханның Барақ сұлтанның қолынан қаза тауып, ел ішінде маңызы жағынан ең күрделі, күрмеуі жағынан ең түйінді саяси жағдайдың қалыптасқан кезі болатын. Бұл оқиға – сол ғасырдың 10-20 жылдығы ішіндегі ең басты уақиғалар қатарына жатты. Осындай түйінді мәселелерді тек қана саяси элита, атақты батырлар мен билер бірлесіп қана шеше алатын. Мөңке би есімі осындай тұстарда бірнеше рет орыс деректерінің мәліметтеріне ілінеді.

Орынбордағы орыс әкімшілігінің тапсырмасымен Қазақ Еліндегі дәстүрлі хан сайлау, оның қағидаттары дәл осы тұста маңызды болып, қазақ халқының ру-тайпалық құрылымы және ру-тайпа жетекшілері арнайы қарастырылады. Біздер дәл осы күндердегі уақиғалардан Мөңке бидің және тағы басқа билердің есімдерін жиі кездестіреміз. Ел бірлігін ойлаған шекті тайпасынан — Мөңке би, Сырлыбай би, Бапы би, шөмекей биі Жалған билер Кіші жүздің өзін саяси жағынан екіге бөлуге жол бермеу үшін күреседі. Өйткені Кіші жүздің кейбір ру-тайпалары Қайып ханның ұлы Батыр сұлтанды осы кезде хан сайлап алған еді. Бұл әрекеттердің артында Орынбор әкімшілігінің «Бөліп ал да, билей бер» деген саясаты тұрғанын сол кездің адамдары білмейтін. Ал Мөңке би секілді данышпан тұлғалар бұны сезе біліп, оған жол бергізбейді. Сөйтіп, олар басқа да 32 би-батырлармен бірге болып, Әбілхайыр ханның үлкен ұлы Нұралыны қолдайды. Бұл бізге орыс деректері арқылы жеткен Мөңке бидің ел бірлігін сақтау жолындағы күнделікті жұмыстарының бірі ғана. Өкінішке орай, белгісіз болып жатқандары қаншама!

Дегенмен де, елдің есінде, халықтың жадында, ауыз әдебиетінде Мөңке бидің шешендік өнерін, көріпкел әулиелігін, кемеңгерлігін, данышпандығын көрсететін небір материалдар сақталған. Олардың бәрін бір арнаға жинақтасақ Мөңке бидің нағыз тарихи тұлғалық болмысы анықталады.

Сөзімізді қорытындылай келе, Мөңке бидің дүниеге келіп, тұлға рет- тас кезеңінің соңғы кезеңі және бытыраңқылық кезеңнің ең ауыр жылдары болды. Осындай кезеңдерде небір батырларымыз — ел қорғауды, Мөңке би секілді билеріміз – ел бірлігін сақтауды мойнына алады. Солардың арқасында Қазақ Елі бүгінгі мамыражай күнге дейін жетіп отыр. Сол үшін де, бүгінгі ұрпақ, біздер, оларға қарыздармыз!

**Берекет Бақытжанұлы Кәрібаев, ҚР ҰҒА корреспондент – мүшесі,  
эл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
профессоры, тарих ғылымдарының докторы.**